



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, 63-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі таратылсын.
- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауына дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 19 қаңтар, №104

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Барлық деңгейдегі мәслихаттардың
өкілеттіктерін мерзімінен бұрын
тоқтату туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау, оның дайындығы мен өткізілуін ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 19 қаңтар, №105



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

21 қаңтар
сенбі
№6 (1913)
2023 жыл
апталығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесі

Құрметті отандастар!

Мен Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен, Премьер-Министрмен кенесіп, Мәжілісті тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлықтарға қол қойдым. Депутаттарға белсенді әрі жемісті жұмысы үшін алғыс айтамын. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруға барынша атсалысты. Олар сайлаушылармен жиі кездесу өткізді. Шалғайдағы елді мекендерге барды. Сондай-ақ жұртты толғандырған өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болды.

Жаңадан сайланатын депутаттар да жұмысты осы қарқынмен жалғастырып, еліміздің жан-жақты жаңғыруына ерекше үлес қосады деп сенемін.

Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Өздеріңізге мәлім, мен былтыр күздегі Жолдауымда Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы осы жылдың бірінші жартысында болатынын жариялады. Яғни бұл бастама айтылған сәттен сайлауға дейін жарты жылдан астам уақыт өтеді. Тәуелсіздік жылдарында сайлауға дайындалу үшін кандидаттар мен саяси партияларға осыншама көп уақыт берілген емес.

Мәжілістің және мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы – конституциялық реформаның жалғасы. Былтырғы референдумда халқымыз бұл реформаға қолдау білдірді. Соның нәтижесінде еліміз өкілді билікті жаңа, әділ әрі ашық бәсекеге жол ашатын қағида бойынша жасақтауға көшті.

Енді Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Ал аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат сайлауында азаматтар бір мандатты округтерден шыққан кандидаттарға дауыс береді. Осылайша, Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасакталады. Сонда сайлаушылардың мүддесі жалпыұлттық және аймақтық деңгейде толық қорғалады. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туады. Азаматтық қоғамның одан әрі дамуына айтарлықтай жағдай жасалады.

2 БЕТТЕ

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

ХАЛЫҚ ЖЕРДІҢ ИГІЛІГІН КӨРУІ ТИІС

Кез келген уақытта жеке шаруашылық жүргізу үшін немесе үй салу үшін жер қажет екені белгілі. Яғни жер – халықтың бірден бір қажеттілігі. Осы орайда елімізде пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару жұмыстары қарқынды жүруде. Жайылымның жетіспеуі ауыл шаруашылығы саласы үшін өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пайдаланылмай жатқан жайылым жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жөнінде тапсырма берген болатын.

Еліміз әлем бойынша аумағы жағында 9-орындағы мемлекет. Ал жайылымдық жері жөнінен 5-орында екен. Сондықтан да біздің елде жер көп. Дегенмен осы уақытқа дейін ауылдық жерлердің айналасында жайылымдықтың тапшылығы жөнінде мәселе көтеріліп келеді. Президент тапсырмасына сай бұл мәселе де қолға алынды.

– Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында.



Сонымен қатар қаншама мың гектар жерді алып алса да еш қажетке жаратпай отырғандарға сын айтты.

– Өнім өндіру үшін, ең алдымен, жер керек. Жері жоқ адам бизнеспен айналыса алмайды. Кәсіпкерлерге жер телімдерін ашық әрі желеу бөлудің тиімді тәсілдері айқындалуға тиіс. Оны жыл соңына

дейін әзірлеу керек. Әрбір аймақ пен елді мекенде бос жатқан немесе мақсатына сай игерілмеген жердің бар-жоғын анықтау қажет. Бұл ақпаратты бизнес өкілдері білуге тиіс. Аталған шаралар кәсіпкерлердің ғана емес, жалпы экономиканың бәсекеге қабілетін арттыра түсетіні анық, – деді Президент.

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕР ТАПШЫ

Еліміздің 15 облысында жайылымдық жер тапшы. Бұл жөнінде Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев мәлімдеді. Министрдің мәліметінше, Қазақстан Республикасының Жер балансына сәйкес, жайылымдық жерлер 183,4 млн гектарды құрайды. Оның ішінде 82,4 млн гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер екен. Соған қарамастан халыққа мал жаятын жер тапшы.

Республиканың 17 облысы ішінде жеке қосалқы шаруашылықтардың мал жаюы үшін 15 облыста, әсіресе Түркістан, Қызылорда, Алматы және Атырау облыстарында жайылым тапшылығы байқалады.

Үкімет отырысында Премьер-Министр жайылымдық жерлермен қамтамасыз етпейінше мал шаруашылығын толыққанды дамыту мүмкін емес екенін атап өтті.

– Заңсыз берілген, бос жатқан жерлерді қайтарып алу жөніндегі арнайы Комиссия былтырғы жылдың сәуір айынан бері жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде өткен жылы мемлекет пайдасына 5,2 млн гектар жер қайтарып алынды. Оның ішінде 4,8 млн гектары – жайылымдық жерлер, – деді Әлихан Смайылов.

2 БЕТТЕ

ӘКІМДІКТЕГІ АУЫС-ТҮЙІС



Аймақта кадрлық өзгерістер болды. Алдымен Қармакшы ауданының әкімі лауазымына Жандос Еркінбекұлы тағайындалды. Ол бұған дейін облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарған. Ал, Қармакшының бұрынғы әкімі Әділбек Ерсултанов облыстық сайлау комиссиясының тізгінін ұстады.

Жуырда Сенат сайлауы өтіп, оған Сыр өңірінен Руслан Рүстемовтің басым



дауыспен өткені белгілі. Су жана сенатор бұған дейін Қызылорда облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы болатын. Күні кеше бұл лауазымға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова тағайындалды. Оның орнына бұған дейін облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет еткен Алмасбек Есмаханов тағайындалды.



Сондай-ақ бұған дейін облыс әкімінің баспасөз хатшысы қызметін атқарған Абай Тағыберген облыстық сайлау комиссиясының мүшесі болды. Облыс әкімінің баспасөз хатшылығы Салтанат Шахановаға бұйырды. Ол бұған дейін де баспасөз қызметін басқарған.

«Ақмешіт-ақпарат»



ХАЛЫҚ ҚАЛАЙ, ОТАҒАСЫ?



Халқымыз балалы үйді базарға санап, дүниеге ұрпақ әкелуді, оны жалғастыруды ең үлкен бақытына балаған. Кезінде беделіктің зардабын көп тартпаған ұлттымыз бүгінде бұл індеттің шырмауына шындап шырмалғандай. Алайда мамандар беделіктің белең алуы бізге ғана емес, күллі дүние жүзіндегі тенденция деп отыр. Не дегенмен, беделік пен белсіздік демографиямызды ақсататын үлкен кеселге айналуға.

Сәби сүюге зар болған жұбайлардың қатары жыл санап артып келеді. Беделік дертінің көбейіп бара жатқаны – бір отбасының ғана емес, тұтас ұлттың трагедиясы. Өйткені еліміздегі әрбір алтыншы отбасы осындай дертке душар болған. Садамынан ерлі-зайыптылардың ажырасу көрсеткіші өсіп тұр. Ендеше, демографияға кері әсер ететін бұл кеселден қалай сақтанамыз? Осыған орай біз де арнайы мамандармен

3 БЕТТЕ

«БОЛАШАҚТЫҢ» СТУДЕНТТЕРІ ДАЛАДА ҚАЛМАЙДЫ

2 БЕТТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесі

Конституциялық реформа аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетілді. Атап айтқанда, партия мүшелерінің санына қатысты талап өзгерді. Оның төменгі шегі төрт есе төмендеп, 20 мыңнан 5 мыңға дейін азайды. Партиялардың әр аймақтағы өкілдерінің саны кемінде 600 адам болуға тиіс еді, ал қазір 200 адамға дейін төмендеді. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде көп уақыттан бері алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді.

Сонымен бірге сайлау бюллетеніне «бөріне қарсымын» деген бағананың енгізілуі өте маңызды шешім болды. Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажетті дауыстың төменгі шегі 7-ден 5

Басы 1-бетте

пайызға дейін азайды. Бұл да – елімізді демократияландыру жолындағы айрықша мәні бар қадам. Сайлау үдерісіне қоғамның түрлі өкілдерін барынша тарту үшін заңнамаға басқа да тың өзгерістер енгізілді. Мысалы, депутаттық мандаттың 30 пайызын әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілді. Мұның бәрі саяси бәсекені күшейтеді, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ саясаткерлердің жаңа буынының қалыптасуына жол ашады.

Сайлау науқанын ұйымдастыру және оны өткізу ісінде аумақтық сайлау комиссиялары маңызды рөл атқарады. Енді облыстық сайлау комиссиялары кәсіби түрде тұрақты жұмыс істейді. Бұл шешім сайлауға қатысты іс-шаралардың сапалы атқарылуын қамтамасыз етеді.

Алдағы сайлаудың заңға сәйкес өтуіне, әділ әрі ашық болуына қатаң бақылау жасалады. Бұған Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратура жауапты. Сайлау науқанын отандық және халықаралық байқаушылар жіті қадағалайды. Осы тұста азаматтарымыздың байқаушы ретінде белсенділік танытуы маңызды. Заңға сай барлық кандидат пен партияның бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына бірдей мүмкіндік беріледі. Осы сайлау науқаны еліміздегі саяси мәдениеттің жоғары екенін айқын көрсетіп, қоғамымызды ұйыстыра түседі деп сенемін.

Біз дамудың жаңа дәуіріне қадам бастық. Қазақстанда қарқынды және жан-жақты жанару үдерісі жүріп жатыр. Бұл сайлау қоғамдағы өзгерістердің көрінісі ретінде саяси жүйеміздің одан

әрі жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Қазір әлемде дәл осындай ауқымды өзгерістерді қолға алған мемлекеттер көп емес.

Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі болмақ. Осылайша, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты толық іске асады.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек.

Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын.



«БОЛАШАҚТЫҢ» СТУДЕНТТЕРІ ДАЛАДА ҚАЛМАЙДЫ

Қаладағы бұрынғы «Ақмешіт» институты мен «Болашақ» университеті бірікті. Енді аймақта «Қызылорда Ашық университеті» атауымен жаңа оқу орны құрылады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте екі оқу орнының басшылары мәлімдеді.

Жақында аймақтағы белді оқу орны саналатын «Болашақ» университеті жабылады деген қауесет желдей ескен еді. Бес мыңға жуық студенті бар аталған оқу ордасы білім беру стандарттарына сәйкес келмегендіктен лицензиясынан айырылған. Бұл жағдай өткен жылдың қараша айында болған. Дегенмен белгілі себептерге байланысты университет білім беруді тоқтатпаған. Оқу жылының аяқталуына бірнеше ай қалғанда жайсыз хабар естіген ата-аналар онда оқитын балалары үшін алаңдайтынын айтып, жанайқайын әлеуметтік желі арқылы жеткізген. Осы орайда «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бакберген Досманбетов:

– Соңғы кезде әлеуметтік желіде, халық арасында «Болашақ» университеті жабылыпты. Студенттер қайда барады? деген әңгіме айтылып жүр. Тіпті кейбірі менің атымнан басқаша ақпарат таратып жіберген екен. Мұның бәрі жалған ақпарат. Шын мәнінде, өткен жылдың аяғында оқу орнының лицензиясы тоқтатылды. Бұл жұмыстағы кемшіліктерге байланысты және жеке университеттерді біріктіру мақсатында жүргізілді. Мұндай өзгеріс өзге өңірлерде де болып жатыр. Бұдан студентке де, мұғалімге де еш қиындық болмайды, – деді «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бакберген Досманбетов.

Аталған білім ошағымен қатар «Ақмешіт» институты да талапқа сай болмағандықтан білім беру лицензиясынан айырылған еді. Осылайша сол кезеңде екі оқу орнын біріктіру арқылы ашық университет

ашу жоспарланған. Бірақ аталған институт кеткен кемшіліктерді жойып Қызылорда технология және қызмет институты болып қайта құрылған.

Осы жағдайдан соң екі оқу орнының құрылтайшысы Бакберген Досманбетов пен Қылышбай Бисенов ашық университет құру туралы келісімге келгенін жеткізді. Бұл білім алушылардың игілігі үшін жасалмақ.

Өз кезегінде Қызылорда технология және қызмет институтының (бұрынғы «Ақмешіт») құрылтайшысы Қылышбай Бисенов ашық университет құру әлемдік тәжірибеде бар екенін тілге тиек етті.

– Мемлекет басшысы білім сапасына ерекше назар аударуда. Жеке оқу орындарын ірілендіру әлемдік тәжірибеде бар. Сол тәжірибені өз өңірімізде де қолданудамыз, – деді ол.

Аймақтағы ірі оқу орны жабылады деген тұста көп студенттер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне ауысуға өтінім берген. Аталған оқу орнының ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы бүгінгі таңда 5 білім беру бағдарламасы бойынша 120 магистранттан, 32 білім беру бағдарламасымен 1200-ге жуық 1-4 курс студенттерінен өтініш түскенін айтады. Қазір ауысу процесі жүргізілуде. Студенттер оқу орнының талабына сәйкес келген жағдайда қабылданады. Басымдық олардың білім деңгейіне беріледі. Десе де екі оқу орнының құрылуына байланысты студенттердің өзге оқу орнына ауысуы өз еркінде.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАС ЖҮРЕК ЖАЙЫП САУСАҒЫН



Сол жағалаудағы «Жастар» орталығында орналасқан №19 кітапханада «Жас жүрек жайып саусағын» атты әдеби-сазды кеш өтті. Рухани кешке Қорқыт Ата атындағы ҚҰ жанынан құрылған «Сырлы қалам» ақындар ұйымының мүшелері, №140, №267 мектептің оқушылары, аталған кітапхананың кітапханашылары қатысты. Шараны жас ақын Ақжол Түменбай жүргізді.

Бір мақсатта бас қосқан Сыр елінің талапты жас ақындары жауһар жырларды жүректен жүрекке жеткізде оқып, жыр жолдарын ағызды. Марат Нәби мен Фатиханың орындауындағы әсем әндер кештің сәнін келтірді.

Осындай мүшәйралар өлең жазуға талаптанып жүрген жастардың қиялына

қанат бітіретіні сөзсіз. Әсіресе жастар әдебиетке қызығушылығы артып, қаламын ширай түседі. Жас ақындардың бас қосқан мұндай рухани кештер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

«Ақмешіт-ақпарат»



ОБЛЫСТА 259 ЖЕР УЧАСКЕСІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛҒАН

Аймақта ауыл шаруашылығына тиісті 2,9 млн гектар жер бар. Оның ішінде егістікке қатысты 181,1 мың гектар. Игерілмей жатқан жерлер бүгінде мемлекетке қайтарылуда. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Сұлұшаш Айтбаеваның сөзіне сүйенсек, бұл тұрғыда қарқынды жұмыстар жүруде. Атап айтсақ, 2022 жыл мерзімінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланған ауыл шаруашылығы мақсатындағы көлемі 157,3 мың гектарды құрайтын 259 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылған. Облыстағы мемлекетке қайтарылған учаскелердің 99 пайызы жайылымдық жерлер. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің жоспарына сәйкес Қызылорда облысы бойынша мемлекетке қайтарылатын жер көлемі 150 мың гектар болса, ол 105 пайызға орындалған.

– Президенттің тапсырмасына сәйкес бүгінгі күні мақсатына сай пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет тарапына қайтару, оны қайта айналымға қосу жөніндегі жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Облыс әкімінің 2022 жылғы 6 маусымдағы № 499-Ө өкімімен «Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді алып қою жөніндегі» облыстық жұмыс тобы құрылды. Облыс әкімінің орынбасарымен өткен жылдың 7 шілдесінде «Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылатын жерлерді алып қоюдың» жұмыс жоспарын бекітіп, аудандар және Қызылорда қаласы әкімдіктерімен жұмыстар жүргізілуде, – дейді Сұлұшаш Айтбаева.

Тағы бір мәселе – өзіне берілген жер учаскелерін мақсатты пайдаланбау. Жер учаскелерін пайдаланбаудың түрлі себептері болады. Азаматтар өз кәсіптерін бастаған кезде бизнес жоспарларын құруда қаржылық мүмкіндіктерін дұрыс есептеі алмағандықтан болуы, су тапшылығы, отбасылық өзге де себептер болуы мүмкін.

– Қазіргі уақытта елді мекендерден шалғайда орналасқан, бұрын қандай да бір қажеттігі болар деген мақсатта азаматтар жалға алған (2000-2008 жылдары), бірақ мақсаты бойынша пайдаланылмаған учаскелердің жалдау мерзімін ұзартпай, мемлекетке қайтарып алудамыз.

Бүгінгі таңда қолданыстағы заң нормалары бойынша пайдаланбай отырғаны анықталған учаскенің салығы 20 есеге дейін көтеріледі. Сондықтан жер пайдаланушыға учаскені игермеу тиімсіз болғандықтан шаруашылықпен айналысуға немесе учаскені мемлекетке қайтарып беруге мәжбүрленді, – дейді бөлім басшысы.

Аққарма ауылдық округінің тұрғыны «Болтаева» шаруа қожалығының директоры Қалдыгүл Болтаеваның пікірінше, жерді игеруге шаруа қожалықтар өз үлестерін қосуы тиіс. Мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдалану қажет.

– Халық ырыздығын жерден алып отыр. Сондықтан да жерді тиімді пайдалану – басты мақсат. Әсіресе, ауыл тұрғындары үшін жайылым жерлері қажет-ақ. Бұл – өзекті мәселе еді. Жерді немденіп алып, қалғандықпен отырғандар бар. Бұл мәселе де өткен жылдан бері қолға алынды. Президент пәрменді тапсырма берді. Мемлекет басшысы игерілмей жатқан мемлекет меншігіне қайтару жөнінде тапсырма берілгенінен хаабардармыз. Осы мақсатта жерлерді тиімді пайдалануды қолға алдық. Қазіргі уақытта шаруа қожалықта 200 гектар жер бар. Оның 160 гектарын егіске, 40 гектар жерді жайылымдыққа пайдаланып отырмыз, – дейді Қалдыгүл Болтаева.

Р.С. Рас, ауылдағы ағайынға жайылымдық жерлер жетпейді. Бүгінгі таңда мал жаятын өрістің көбі жеке шаруашылықтардың қолына өтіп кеткен. Жайылымды жетіспеуі ауыл шаруашылығы саласы үшін өзекті мәселе. Сондықтан жайылымдық жерлерді қалғандықпен отырған шаруалар жерді қайтаруды қолға алу қажет немесе игеру керек-ақ. Сол кезде ол жерді басқалар игілікке жаратуы мүмкін. Жер бос жатқаннан халық өз игілігіне пайдаланғаны жақсы емес-пе. Қалай десек те, бос жатқан жайылымдық жерлер мемлекетке қайтарулымы тиіс. Өйткені ауыл шаруашылығын дамытудың бірден-бір жолы – жайылымды игеру. Ел Президенті де сол үшін осы мәселеге маңыз беріп отыр.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: *сейсенбі, сенбі* күндері.

Таралымы - 2802 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

Қалалық кітапханалар жүйесіне қарасты №1 кітапханада «М.Ықанов атындағы политехникалық колледждің студенттерінің қатысуымен «Дінсіз тәрбие-тамырсыз көшет» атты дөңгелек үстел өтті. Шарға Тасбөгет

Дінсіз тәрбие — тамырсыз көшет



кентіндегі «Құдлыс Ишан» мешітінің бас имамы Бисен Мұстафа, «ORDA» жоғары колледжінің педагог ұйымдастырушысы, психолог Феруза Рахымқызы қатысты. Тағылымды кештің мақсаты – жас ұрпақты дін туралы көбірек мәлімет беріп, қоғамды тәрбиелеуде хак дінінің дұрыстығына сеніп, дәріптеу, дұрыс пайдалана білуге баулу.

жөнінде насихат айтып, жастарға бүгінгі ислам атын жамылған секталар жөнінде кеңінен түсіндіріп берді.

Шара соңында «Ықанов атындағы политехникалық колледж» директорының тәрбие жөнінде орынбасары Исабек Сыздықов кітапханашысы Жаркынай Ералина, студенттер көкейде жүрген сауалдарын қойып, оған тұщымды жауап алды.

Екеудің әңгімесі...

Қаламызда Мақсат пен Аида есімді ерлі-зайыптылар тұрады. Екеуінің өтініші бойынша есімдерін өзгертіп жаздық. Бұл отбасы иелері 7-8 жыл бойы бала көтере алмаған. Емделуге бірінші әйелі ғана келеді. Дәрігерлер оның денсаулығынан айтарлықтай кінәрат байқамады. Сөйтіп күйеуін де тексерілуге шақырады.

— Бірақ ол басында көнбеді. Өзім жан-жақты түсіндіріп, кейін келісімін берді. Тексерілуден өткен кезде оның аталық безінде жарамды ұрықтар болмай шықты. Содан көп ойланбай, емді бастады. Тек дәрігерлердің айтуымен жүрді. Қандай дәрілер ішу керек, қандай емнен өту қажет? Соның бәрін уақтылы алып тұрды, — деді келіншегі Аида.

Ал нәтижесі қандай болды? Оны осы макала соңында оқисыз, құрметті оқырман.

Андрология — медицинаның ең жас саласы. Оның негізі шамамен осыдан 30 жыл бұрын қаланыпты. Андрологтың урологтан айырмашылығы — ол еркектерді карап, емдейді. Ер азаматтарға жыныстық мәселелерін шешуге көмектеседі. Яғни простатит, уретрит, жұмыртқа безінің қабынуы және ер азаматтардың жыныстық денсаулығына қатысты тағы да басқа мәселелерге назар аударады.

Не істеуге болады?

Қазір бір балаға зар боп жүрген отбасы аз емес. Мұның бірден бір себебі — ер азаматтың жыныс жолдары арқылы ағзаға түсетін инфекциялық аурулар. Ағзаға түскен инфекция жасырын түрде дамиды, сырт көзге көрінбейді. Байқала бермейді. Сөйтіп, бірнеше айдан соң бой көтеріп, созылмалы

— Соңғы 10-15 жылдың аралығында әйелдер бедеулікпен көп шағымданатын болды, ішінде жас отбасылар да бар. Жұмыс барысында анықтағаным, бедеулік тек әйелдерде кездеспейді. Бала көтере алмайтындығына 50-60 пайыз ер азаматтардың бедеулігі әсер етеді. Оны бұрын әйелді 6 ай 1 жыл әбден тексеріп, суықтықтан, гормональді өзгерістер болса, ем беріп, нәтиже болмаған соң ғана жұбайларының спермограммасын тексеріп, урологқа жіберетінбіз.

Қазіргі кезде кеңінен таралған ақпараттардың әсерінен немесе жастардың ойлау қабилеттерінің жан-жақты жоғары дамуына байланысты ерлі-зайыптылар бірге тексерілуден өтуде. Әйел гинеколог маманынан, ер азаматтар уролог маманынан кеңес алып, жақсы нәтиже көрсетіп жатыр.



ДЕНСАУЛЫҚ

терондарын тексеріп тұру керек. Ерлердің ағзасындағы осы тестостерон азайса, тез қартаюына себеп болады. Бұл бірден азаймайды, уақыт өте азая бастайды. Сондықтан бұл гормонға да мән берген жөн, — дейді ол.

ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, ОТАҒАСЫ?

Ерлерден қуат кеміп барады

Еркек денсаулығы. Көп айтылмайтын, талқыланбайтын тақырып. Мұны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасынан да аңғару қиын емес. Ұйымның мәліметінше, әлемдегі еркек қауымының 10 пайызы ғана өз денсаулығын ойлайды екен. Дәрігерлердің айтуынша, еркектер дерті дендегенде ғана емханаға келеді. Ал урология мәселесіне келгенде, кезегесі кері тартып-ақ тұрады. Ұялады, не мойындағысы келмейді.

Қаланың сырт жағында Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойында орналасқан қызыл түсті ғимарат бар. Айналасы қошшалған. Оның себебі де белгілі, ерлер қауымы үшін тиімді тұсын қарастырған. Бұл — урология және андрология орталығы, ашылғанына 8 жыл болған жеке клиниканың бар жағдайы жасалған. Жаңа технологиямен жабдықталған, білікті мамандармен қамтылған. Бұл орталықта екі қызмет түрі ұсынылады. Бірі — ақылы негізде, екіншісі портал арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ күндізгі бөлім және клиника ішінде жатып емделуге толық мүмкіндік бар. Урологияға қатысты оталар да осы жерде жасалады.

Ал осы орталыққа келіп, ақыл-кеңес алып, емделушілер саны аз емес екен. Жыл арқан сайын көбейіп келеді. Мұны бізге орталық директоры, жоғары категориялы уролог, андролог Олжас Байтұреев айтты. Оның айтуынша, бір өзі жылына 2000-2500 адамға кеңес береді. Онда да бұл орташа есеппен алғандағы көрсеткіш.

Дерт көбейіп тұр, неге?

Өйткені көбіне олар денсаулығына немқұрайлы қарайды. Ал бір жері ауырса, оны жасыра салады. Себебі намыстанады. Тағы бір себебі, экологиялық аймақта тұрамыз, тамақтың құнарсыздығы, қозғалыстың аздығы, артық салмақ қосу да кері әсерін тигізеді.

— Бастапқы жылдары еркектер арасында намыстанып, емделгісі келмейтіндер жиі болатын. Ал қазір олай емес. Себебі бүгінде қоғамның көзі ашық. Көзімдідей дәрігерге келіп, кеңес алып, одан кейін емін жалғастырып жатқандар көп. Жалпы бұл клиникада уролог, гинеколог, кардиолог мамандар жұмыс істейді. Өйткені ерлерден шыққан урологиялық дерт кейде жүрекке де, кант диабеті секілді қосымша ауру түрлеріне қатысты болуы мүмкін. Сол себепті жан-жақты тексерілуден өтеді, — деді орталық директоры Олжас Сапарбекұлы.

Дәрігердің айтуынша, көптеген еркектер өз денсаулығына мән бермейді. Күтінбейді. Ал ауруды емдегенше оның алдын алған жөн. Сондықтан қолды мезгілінен кеш сермесем үшін дер кезінде дәрігерге қаралып, профилактикалық және ем-домдық шараларды қабылдаған дұрыс. Осы орайда Олжас Байтұреев еркектердің денсаулығын сақтап, бақытты отбасын құру үшін кеңесін де айтты.

Еркек денсаулығы әйелден басқа

Негізі мамандардың сөзімен айтқанда, отбасы құрғаннан кейін бір жыл бойы жүктілік пайда болмаса, бұл бедеулік болып саналады.

— Жалпы еркектер мен әйелдер ағзасының қызметінде айырмашылық көп емес. Дегенмен бар. Кікілжің, отбасындағы эмоциялық реніш пен қызметтегі күйзеліс әйелдердің де, ерлердің де жүйке жүйесіне бірдей күш түсірсе, оның нәтижесі екі тарапта әртүрлі байқалады. Мәселен, ер азаматтарда жыныс мүшесінің тамыры тартылады. Бұл — еркектік қауқардың бұзылуына әкеп соқтырады. Күйзелістен иммунитет те төмендеп, қуықасты безі және «маңызды» мүшелері қабынады. Бұған экологиялық жағдайды және ретсіз тамақтануды қосынды. Осының өзі-ақ, уролог пен андрологтың қабылдануына жазылуға себеп бола алады, — дейді маман.

Басы 1-бетте



простатитке, қуық түбі безінің қабынуына әкеп соқтырады.

— Бұл ауруға шалдыққан ерлер саны күн санап артып келеді. Өкінішке қарай, ерлердің жүріс-тұрысы салауатты өмір салтын ұстанбауы, алкогольді ішімдікті пайдалануы және жыныстық қатынасқа бей-берекет түсуі аталған аурудың жасаруына жол беріп жатыр. Ең қиыны — ауру жабысқан еркектердің жартысынан көбі әлі перзент сүймеген, — деді маман.

Тағы бір ескеретіні, ер азамат өзінің инфекция тасушы екенін білмей «дертті» әйелге де жұқтырады.

— Кейбір ер азаматтар өздерінің бедеу екенін білмейді. Үйленген кезде ғана басын тау-тасқа ұрады. Бұған дейін отбасында

«Урологқа барып келдім»

Еркектердің урологқа барғанынан гөрі әйелдердің гинекологқа қаралуы қалыпты жағдай, иә. Оған құлақ та үйренген.

— Ал ерлер жағы «урологқа барып тексерілдім» десе, кейбірі күліп, енді бірі мазак ете бастайды. Арасында түсіністік танытатындары өте аз. Дәрігер ретінде айтарым, бұл күлгендік — нағыз арсыздық. Өйткені ол күлген адамның өзі ертен бізге келіп емделуі әбден мүмкін емес пе... Сондықтан бұл дерт біздің қазаққа ғана кездесіп жатқан жоқ. Намыстанбай, емделемін, жеңемін деп тек алға қадам басу керек, — деді әңгіме барысында уролог, андролог Олжас Сапарбекұлы.



бала болмаса, бірден әйелге көз алартушы еді. Өйткені кінәраттың 90 пайызы әйелден болатын. Ал қазір керісінше. Медициналық тексеруден өткен соң екеуінің де бедеу немесе бала сүю қабилетінің төмен екені мәлім болады. Сонымен бірге қазір мұндай дерт тек 40 жастан асқандарға ғана емес, одан да кіші жастарда жиі кездесуде.

Дәрігер ретінде айтар болсам, жалпы біз жастар арасында осындай тақырыпта ашық сөйлесуді қолға алуымыз керек. Өйткені көбі ұялады немесе түсінбей жүреді, қателіктер жасайды. Ақыр соңында жастайынан өз денсаулығын құртып алады. Сонымен қатар керек десеңіз, әр аудан бойынша да өз мамандарымен барып, халықпен кездесіп, медициналық тексеруден өткізіп, қабылдар едім. Осындай кездесудің бірі Бесарық ауылында өтті. Мұндай шараның бізге де, халыққа да берер шарапаты да мол. Тек бізге ұсыныс түссе, дайынбыз, — деді орталық директоры.

Гинекологтар не дейді?

Бала өрбіту, ұрпақ әкелу — тек әйелдердің проблемасы емес. Әйелдің денсаулығы жақсы болып, кінәрат ерінен болса, намысына тимей, ашуландырып алмай, «халің қалай, отағасы?» деп оған да көңіл бөліп, оның емделуіне себеп болу керек. Өйткені өмірге дені сау, саналы баланың келуіне еркектердің де үлесі үлкен. Осы орайда гинеколог Ләззат Искендірқызы да өз ойын білдірді:

Сондай-ақ маман ғаламторда жарнамасы келіскен дәрі-дәрмекке сенім артуға болмайтынын атап өтті. Себебі ол дәрілердің денсаулыққа кері әсер етуі әбден мүмкін. Дұрысы — жылына бір немесе екі рет уролог-андролог маманының қабылдауына жазылу. Дәрігерге қаралуды ауру белгі бергенде ғана емес, профилактика, денсаулық үшін әдетке айналдыру.

Артық салмағыңыз болса, кант диабеті, гипертония — қан қысымы, қуық түбі безінің созылмалы қабынуына шалдықсаңыз, әр алты ай сайын маманға қаралған абзал. Сонымен қатар көбірек қозғалыс, салауатты өмір салтын ұстану, зиянды нәрселерден бас тарту, әр күнді көңілді өткізу, белсенді жүру. Өйткені қуану да тестостеронның бөлінуіне септігін тигізеді. Сондықтан да көңіл-күйге де мән беру қажет. Айта кету керек, түнгі ұйқының тыныштығы көп рөл атқарады. Мұны да ұмытпаған дұрыс.

— Қазір көбіміз жатар кезде ұялы телефоны түнімен қарап, кеш жататын кез болады. Міне, осындай жайттар әдетке айналса, ол мүлдем дұрыс емес, — дейді дәрігер.

Сонымен бірге дұрыс тамақтануға аса мән беру. Қазір күнделікті тұтынып жүрген тағамдарымыз табиғи құрамынан баяғыда алыстап кетті. Ас-суымызда небір бояғыштар, дәм күшейткіштер, химиялық қоспалар көбейді. Содан кейін адамзаттың бөлінбес бөлшегіне айналған микротолқынды пештер, компьютер, ұялы телефондар да бедеулікті асқындырып жіберген. Сондықтан ғалымдар ұялы телефонды қалтаға жақын ұстамау, қуат көзі 5 пайыздан төмендегенде оны қолданбауға кеңес береді.

Екеудің әңгімесінің жалғасы...

Мақаламыздың басындағы екеудің әңгімесін қайта жалғастырсақ, өз денсаулығында кінәрат барын білген Мақсат «бұл дертті жеңемін, балалы боламыз» деп емнің алдында өзіне мақсат қояды. Мақсат мақсатына жетті. Өуелі Алла, одан кейін дәрігерлердің арқасында және өзінің сенімділігі мен Аиданың қолдауы да әсер етті. Бүгінде бұл отбасы екі ұлды болды.

— Нақты емге бір жылдай уақыт кетті. Бірақ емді бастап, орта тұсына келгенде келіншегіміздің жүкті болғанын білдік. Негізі ем аяқталмаса, жүктілік қалай болар екен деген сұрақтың да болғаны рас. Өйткенмен дәрігерлердің қарауымен бәрі сәтті болды. Тұңғыш ұлымыз дүниеге келді. Ол сәтті мен айтып жеткізе алмаймын. Ерлер қауымы өз денсаулығына мән бере бермейді. Сондықтан еш қысылмай, қаралып, емделген дұрыс. Өйткені қазір біреудің денсаулығына күлетін заман емес, — деген ойымен бөлісті Мақсат.

Тілші түйіні:

Қазақта «ауруын жасырған өледі» деген сөз текке айталмаса керек-ті. Өңіресе, бедеулік пен белсіздік белең алған шақта ұяттың «қысуы» жөнсіз-ақ.

Иә, дұрыс тәрбие, дұрыс тамақтану, дұрыс өмір сүру салты — ұлтты сапалы студия, ұрпақты көбейтудің басты шарттары. Дегенмен бедеулік пен белсіздік — үкім емес. Ең бастысы, оның себеп-салдарын анықтап, дер кезінде емделу. Ол үшін сабырлылық пен төзімділіктің де алар орны ерекше екені сөзсіз.

Олай болса, төрдегі бесігіміз бос қалмасын, ұрпағымыз жалғассын.

Бетті дайындаған Ақтөлкын НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



ҚАН ҚЫСЫМЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Артериалық гипертензия әлемде ең көп тараған сырқаттың бірі. Ол инфаркт пен инсульттің дамуына әкеліп соғады. Алайда өмір сүру салтын өзгерткен кезде, зиянды әдеттерден бас тартып және дәрігер тағайындаған дәрілерді дұрыс қабылдағанда қан қысымын қалыпқа келтіруге болады.



Бұл көп жылдарға созылған жағдайда адам ағзасы біртіндеп жоғары артериалық қысымға бейімделеді, алайда жоғарылаған қысым тамырларға және олармен қуаттанатын ағзаларға ми, жүрек, бүйрекке патологиялық әсер етеді. Ұзаққа созылған артериалық қысым инсультқа, жүректің ишемиялық ауруына (стенокардия), миокард инфарктісіне, жүрек және бүйрек шамасыздығына әкелуі мүмкін.

Мұндай қысымның жоғарылауы кезінде аса жиі болатын белгілердің бірі — бастың, желке тұсының тартып ауыруы, құлақтың шулауы. Бұл жағдайда адам дәрігерге қаралуға мәжбүр. Алайда осы белгілер үнемі артериалық қысымның жоғарылауының белгісі бола бермейді, кейде бастың ауырмауы да мүмкін. Гипертониялық ауру тұрақсыз түрде жоғарылайды және тынығу кезінде, стресс жағдайлары жою кезінде өз бетінше қалыпқа келуі мүмкін. Дәрілік препараттарды үнемі қабылдау, артериалық қысымды қадағалау жағдайында емделушілердің көп жағдайда инсульт, миокард инфарктісі және тағы да басқа сияқты қауіпті асқынулардың алдын алуға болады.

Адам артериалық қысымды қал-жағдайы нашарлағанда ғана емес, шағымдар болмаған жағдайда да тұрақты өлшеуі қажет. Сондай-ақ скринингтік тексерілуден жылына бір рет жергілікті емханадан өтуі керек. Артық салмақтан арылу, тамақтанудың дұрыс болуы, тәулігіне 5-6 грамнан артық тұз тұтынбау, көбірек қимылдау, стресстен аулақ болу, шылым шегуден бас тарту қажет.

Жалпы бұл дерттің алдын алу әр адамның өз қолында екенін ескерген жөн.

Айжан МОЛДАХОЖАЕВА,
№3 қалалық емхананың жалпы
тәжірибелік дәрігері

Қоғам қайраткері Тәкей Есетовтың туғанына 100 жыл толуына орай Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейде тарихи-танымдық сабақ өтті.

ӨМІРІ ӨНЕГЕ БОЛАР ТАЛАЙҒА



Шараға қайраткердің ұлы Асқар мен онымен әріптес болған Нұрлыбай Ұлықпанұлы, Асылбек Жұмабаев, Күләй Ермағанбетова, Ұлболсын Сейтжанова, Жаңылған Сарашова және «Сыр Медиа» серіктестігі директорының бірінші орын-басары Марат Аралбаев қатысты.

– Бірге қызмет өткерген уақытта оның қарапайымдығына куә болдық. Өзі жасаған барлық тапсырманы мүлтіксіз орындады. Саясаткер, қоғам белсендісі, жетекші ролінде тынбай еңбек етті. Абыройлы азаматтың жүріп өткен жолын балаларға үлгі ретінде көрсетіп, мектеп атауы мен музей ашқан білім саласы басшыларына рахмет. Тәкей Есетов өз ісінің майталманы, нағыз құрметке лайық азамат болды. Өскеден ұрпақ

аталары жайлы біліп өсетініне қуанамыз, – деді Нұрлыбай Ұлықпанұлы.

Жиында конактар қайраткер жайлы түрлі естеліктерді есіне алды. Өткен шағына шолу жасады, жетістіктері мен кітаптарын, суреттерін көрді. Мектеп 2016 жылдан бері Тәкей Есетов есімімен аталып келеді.

Алдағы уақытта 100жылдыққа ұйымдастырылған іс-шараның жалғасы болмақ. Мектеп-лицей басшысы Бек Тұмырзаев конактарды білім ордасының жанашыл бейнесімен таныстырды. Білімділер кешені заман талабына сай жаңа деңгейде екенін айтты.

Нұрдаурен ЖӨРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы ҚУ 4-курс студенті

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

МАС КҮЙДЕ КӨЛІК АЙДАП...

Қызылорда қаласы ПБ патрульдік полиция батальон инспекторлары жол қауіпсіздігін алдын алу және жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында жүргізілген рейд барысында 928 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

Оның ішінде 10 жүргізуші мас күйінде көлік құралын жүргізгені үшін ұсталды. Мас күйінде көлік жүргізу деректері бойынша полициялар әкімшілік хаттама толтырып, құжаттарды сотқа жолдады. Жүргізушінің қауіпсіздік белдігін тақпаудың – 86 дерегі, автокөлікті басқару кезінде ұялы телефонды пайдаланудың – 40 дерегі, жаяу жүргіншілердің жүруіне басымдық бермеудің – 21, жаяу жүргіншінің жол ережесін бұзуының – 18 дерегі анықталды.

ЕСІРТКІ САТҚАН ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР

Қызылорда облысы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлерімен жүргізілген жедел-іздіксіру іс-шаралары нәтижесінде

Арал ауданы, Аманоткел ауылында отбасылық жүйе есірткі затын сатумен айналысып жүргені анықталды.

Тексеру барысында тұрғылықты мекен жайынан сату мақсатында сақтап отырған әртүрлі көлемдегі есірткі заты табылды. Сараптама қорытындысына сәйкес, салмағы 2 келіден астам кептірілген марихуана, одан бөлек салмағы 26 грамм гашиш есірткі заты тәркіленді. Күдіктілер Арал аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабы 3-бөлігінің 3-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

ОҚИҒА ОРНЫНДА ТҮТҚЫНДАЛДЫ

Қызылорда облысы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлері жүргізілген арнайы жедел-іздіксіру іс-шаралары нәтижесінде қала көшелерінің бірінде «КНА» маркалы автокөлігі тоқтатылып, автокөлікті

тінту кезінде таратуға дайындалған, 165 түйіншекке оралған есірткі заты анықталып, тәркіленді. Оқиға орнында 20 жастағы облыс тұрғыны құрықталды.

Анықталғандай, күдікті облыс орталығында тұрғын үйді жалға алған. Рұқсат етілген тінту кезінде жалға алынған тұрғын үйден жазулары бар пакеттер ішінде ақ түсті ұнтақтар, электронды таразы, фольга, изо-лента тәркіленді. Сараптама қорытындысына сәйкес айғақты зат ретінде тәркіленген синтетикалық есірткі заттары: «мефедронның» жалпы салмағы 233,28 гр. және «PVP» - 249,7 гр. құрады.

Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 297-бабы 3-бөлігінің 3,5-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

ҚАРУ ТӘРКІЛЕНДІ

Қызылорда қаласы полиция басқармасы Тасбөгет полиция бөлімінің патрульдік полиция батальоны инспекторлары күдік тудырған екі автокөлікті тоқтатқан.

Қарап тексеру барысында автокөліктердің жүк салғышынан құжаты жоқ ПНО-да тіркелмеген 2 аңшы мылтығы алынды.

Екі дерек бойынша 32 және 42 жастағы жүргізушілерге қатысты Қазақстан Республикасы ӨҚБтК-н 482 - бабының 1 - бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылып, құжаттары сотқа жолданды.

КҮДІКТІ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Қалада орналасқан лаудж барлардың бірінде екі қала тұрғыны арасында жанжал орын алған. Жанжал кезінде екі азаматтың бірі екіншісіне травматикалық қарумен нық тұсынан атып, оқиға орнынан бой тасалаған.

Оқиға орнына жеткен жедел-тергеу тобы күдіктінің жеке басын анықтап, кезекші тәулікте қашып жүрген 24 жастағы бұрын сотты болған азаматты ұстады. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабы 3-бөлігінің 2-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.



ЖАПСЫРМА – ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында Қызылорда қалалық Полиция басқармасының қызметкерлері рейдтік іс-шараларды тұрақты өткізуде.

Рейдтік шаралар барысында полиция қызметкерлері терезесі күңгірттелген «Кia» маркалы көлігі тоқтатылды. Аталмыш көліктің жүргізушісінің құжаттары тексеріліп, күңгірттеу заңға қайшы екені түсіндірілді. Сол сәтте көлік терезесін күңгірттеген жапсырма алынды.

Сондай-ақ жүргізушіге қатысты ҚР ӨҚБтК-нің 590-бабының 5-бөлігіне сәйкес хаттама толтырылды.

Облыс көлемінде мұндай құқық бұзушылық жайттарды анықтау және жолын кесуге бағытталған жұмыстар жалғасуда. Айта кетерлігі, өткен жылы көлік терезесін күңгірттеудің 2295 дерегі анықталды.

Дайындаған
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Қазір Қызылорда қарсыз болса да, күннің райы қара суығымен ерекшеленіп тұр. Біздегі қоғамдық орынның бірі – аялдама. Бәріміз жаңа базар маңындағы аялдамада маршрут күтіп тұрған сәт. Жастар жағы аялдаманы ықтап, Қызылорданың желінен жасырынған сынайды.

Бір кезде сол жерге бір карт кісі келді. Қолында пакетке салынған азғантай заты бар. Ал бір қолында – балдағы. Екі қолы да тоңғаннан қызарып кетіпті. Үстіндегі сыртқы киімі де жұқалау, жұтаңдау көрінді. Әлгі қарияның тоңғанына қарап, іштей «бұл кісі неге күннің қара суығында базар жакка келді екен? Балаларына айтса да, әкеліп берер еді ғой. Өзінің киімі де жұқа сияқты. Тоңып қалды-ау» деген ойға шоғып кеткенім де рас. Бір кезде қалтасынан қара қолғабын шығарып, киігісі келді.

«ҚАРТТАР ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНЫМЫН»



– Көке, қолыңыздағы заттарды маған беріңіз. Сіз қолғабыңызды киіп алыңыз, – дедім.

– Айналайын, рахмет, – деп менің көмектескім келгенін сезгендей, пакетін қолыма бере қойды. Сол сәтте көпшілік күткен қоғамдық көлігіміз де келді. Бірнеше адам болып, маршрутқа қарай бет алдық. Артқы жақтан: – Балам, бұл көлік микрорайондағы қарттар үйіне бара ма? – деп сұраған қарияның қоныр даусы құлағымға жетті.

– Иә, ата, барамыз, – деген кондуктор жігіт ақсақалды демеп, ішке кіргізіп жіберді. Қарт кісінің сол аялдаманы сұрағаннан-ақ ішім бірнәрсені сезгендей болды. Қарияға қарама-қарсы орын босап, мен де соған жайғаса кеттім.

– Күннің суығы қатты екен. Біз арасында ғана шыққан соң мән бермейді екенбіз, – деді әлгі қария қасында отырған жігітке қарап.

– Иә, ата, біздің қыс осылай қара суықпен, желмен өтеді ғой. Сіз мұндай суықта неғып жүрісіз?, – деп жанындағы серігі атаның әңгімеге тартқысы келсе керек.

– Е, балам-ай, қарттар үйінің тұрғынымын. Егер өз үйімде болсам, балаларымды жұмсап отырар едім ғой, – деген жауапты қойып қалды. Одан кейін қария да, жанындағы жігіт те үнсіз қалды. Себебі бәрі де түсінікті еді.

Қоғамдық көлік қарттар үйінің аялдамасына да келіп жетті. Қария түсуге дайындалды. Сол кезде қолындағы пакетке қарасам, ішінде бір шағын көрпеше, жаңа кебіс ұлғарағымен және тағы екі қорап заты бар екен. Өз аялдамасынан түскен қария қарттар үйіне қарай бет алды.

Мен де терезеден көз алмадым, бір жағы қарияға қарадым, бір жағы көзімнен аққан жасты айналымдағы адамдардан жасырдым. Көңілім тынышталмады. Себебі жүзі жабырқаулы жүрген қазыналарды көрсем, өз ата-әжем есіме еріксіз түседі. Өйткені мен де сондай ата мен әженің махаббатына бөленіп өскен жанның бірімін. Шүкіршілік айтамын, әрине... Ол кісілер ұрпағының алдында бақытты ғұмыр кешіпті. Ал мына қарттарымыз жайын бір сәт болса да ойлайтын балалары қайда жүр екен? Біреуінің әкесі мен анасы үйінде жайма-шуақ жадырап отыр. Енді бірінің әкесі осылай тоңып жүр. Мен де өз аялдамама жетіп, әлгі қарияның амандығын бір Аллаға тапсырдым да, еріксіз жылай бердім... Одан басқа қолымнан ешнәрсө келмеді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

СПОРТ

УНИВЕРСИАДА: тағы бір алтын қоржында



АҚШ-ТЫҢ Лэйк-Плэсид қаласында XXX дүниежүзілік қысқы универсиада ойындары қыза түсуде.

Бүгінде споршыларымыздың еншісінде 3 алтын, 1 қола жүлде бар. Жалпы командалық есепте Қазақстан 6-орынға жайғасты. Универсиада аяқталуына да аз ғана уақыт қалды.

Бұған дейін спортшылар 2 алтын алғанын жазған едік. Қоржынға тағы 2 медаль түсті. Үшінші алтынды биатлоннан 10 шақырымдық спринтте бақ сынаған Бекентай Тұрлыбеков иеленді. Қола жүлдені студент Александр Мухин еншіледі.

БОКС: алғашқы айналым сәтті болды

Бокстан Тайланд елінің Бангкок қаласында өтіп жатқан 22 жасқа дейінгі былғары қолғап шеберлерінің тартысты бәсекесі күшеюде. Біздің споршылар 13 салмақта бақ сынауда. Үкілеп үміт күткен шаршы алаң шеберлері алғашқы айналымнан сәтті өтті.

Ерлер құрамасындағы бас бапкер болып тағайындалған тәжірибелі бапкер Мырзагелді Айтжанов жігіттерді

жоғары дәрежеде жарыс жолына қосты. Алғашқы кездесулерінде жеңіске екі бірдей спортшымыз қол жеткізді. 48 келі салмақ дәрежесінде соңғы Азия біріншілігінің жеңімпазы Санжар Ташкенбай қырғызстандық боксшыны 5:0 есебімен айқын жеңді. Тиісінше 52 келіде жұлдырықтасқан Махмұд Сабырхан да өзбек спортшысын дәл осы нәтижемен жарыс жолынан ысырды.

Жарыстың 2-күн қазақстандық төрт бұрымды ару кездесу өткізді. Екі былғары қолғап шебері жеңіске жетті. Екі боксшы бәсекені тоқтатты. 50 келі салмақта бақ сынаған Мөлдір Тойкова филиппиндік Таландрата Мариелге еш мүмкіндік қалдырмады. Виктория Графеева жергілікті спортшыдан айласын асырды. Біріншіліктің қызатын тұсы алдағы уақытта болмақ. Бәсеке қаңтардың 27-і жұлдызына дейін созылады.

Нұрдаурен ЖӨРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы ҚУ 4-курс студенті



Қазіргі таңда қоғамда ашыналатын оқиғаның көптігі жасырын емес. Халқымыз бұрыннан сөз қадірін түсінетін, ортақ мәмілеге келе білетін текті елдің сынығы. Осы кезде жағымсыз оқиғалар мен заңсыз жағдайларды шешу үшін сот әділдігіне жүгінеді. Ал былтыр қандай жұмыстар атқарылды?

БІР ЖЫЛДА 1331 ІС ҚАРАЛҒАН

Қызылорда қалалық соты өткен жылға қорытынды жасады. Жиынға Қызылорда қалалық сотының төрағасы Дархан Кентбаев пен кеңсе меңгерушісі Айнуір Қараманова қатысты. Сонымен қатар кездесуде азаматтық істер жөніндегі сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қорытындымен бөлісті.

– 2022 жылдың он екі айында сот бұйрығын қабылдау арқылы 1118 азаматтық іс қаралды, ал 2021 жылдың он екі айында 1331 азаматтық іспен жұмыс жасалды. Сондай-ақ қаралған азаматтық істер бойынша 45 жеке ұйғарым орын алса, оның алдында 63 жеке ұйғарым қабылданған.



Салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш азайды. Қазіргі күні көбіне неке және отбасы, тұрғын үй қатынастарымен жұмыс көп

атқарылады. Дауларды сотқа дейінгі татуластыру рәсімімен шешуге тырысамыз – деді Дархан Кентбаев.

Жиында жыл бойы қалалық сотта қаралған кейбір істердің бұзылғаны, одан кейін қайта қаралғаны жайлы айтылды. 20 іс тоқтатылып, 11 іс қайта басталған.

Өңірде медиация рәсімін кеңінен қолдану бойынша атқарылған жұмыстар оң нәтижесін беруде. Бүгінде айтысудан шаршаған іс тараптарының өзара келісімге келіп, адамгершілік қатынастары бекемделе түсіпті. Татуластырушы-судья көмегімен шешімі табылған істердің саны көбейген. Өткен жылы төреші Забира Абылайқызымен 389 азаматтық іс медиация тәртібімен сәтті аяқталған.

Кездесуде қоғамдағы алаяқтардың аяласы жайлы да сөз болды. Шынайы кейіпте көрініп, жалған сөйлеп, адамдарды тақырға отырғызып кететін сұм-пайылар ісі де жиі орын алуда. Бұл жағдай ортақ шешіммен шешілуі екіталай. Жәбірленуші тараппен байланысып, зиян тигізген адамды аса ауыр қызметпен ісін қарайтын жайлы басшы өз ойын жеткізді.

Жиында көбіне татуластыру рәсімін дамыту жайлы айтылды. Күнделікті 20-ға жуық отбасы ажырасуға арыз тастайтыны белгілі болды. Қалалық сот төрағасы аталған қиындықты азайту үшін жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді.

Н.ЖӨРДЕМХАН

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2802

Тапсырыс №107

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ